

Жетісу облысының мәслихаты

Жетісу облыстық мәслихатының
2023 жылғы 20 маусымдағы № 4-
33 шешімі. Жетісу облысы Әділет
департаментінде 2023 жылы 21
маусымда № 44-19 болып тіркелді

Мәслихат облысы Жетісу

Жетісу облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағы 12-3) тармақшасына сәйкес Жетісу облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қоса беріліп отырған Жетісу облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ереже бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жетісу облыстық мәслихатының аппарат басшысына жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы**Г. Тойлыбаева**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

2023 жылғы 20 маусымдағы
№ 4-33 шешімімен бекітілген

Жетісу облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы Ережелер

1. Жетісу облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ереже (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес әзірленген және Жетісу облысының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін реттейді.

2. Құрмет грамотасы азаматтардың жемісті қызметін қоғамдық түрде мойындаудың көрінісі, маңызды моральдық ынталандыру құралдарының бірі болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен:

- халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланыстарды нығайтуға үлес қосқан;
- қайырымдылық қызметпен айналысатын;
- экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, әскери және қоғамдық, мемлекеттік қызметтегі елеулі жетістіктері;
- белсенді қоғамдық-саяси және еңбек қызметі;
- облысқа еңбегі сіңген шетел азаматтары наградталады.

4. Құрмет грамотасымен:

- наградтау сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алып тасталмаған, сотталғандығы бар адамдар;
- сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

- сот сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп таныған адамдар наградтала алмайды.

5. Құрмет грамотасымен қызмет саласында кем дегенде 5 жыл қызмет өтілі бар Жетісу облысына еңбегі сіңген азаматтар наградталады.

6. Қайтадан наградтау алдыңғы наградтау күнінен бастап 5 жыл өткеннен кейін жүргізіледі.

7. Құрмет грамотасы жоғалған жағдайда телнұсқа берілмейді.

2. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

8. Құрмет грамотасымен наградтау жөніндегі ұсынысты қарау және келісу үшін іс шаралар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей облыс әкімінің атына енгізіледі.

9. Құрмет грамотасымен наградтау туралы ұсыныс жасауға Жетісу облысы мәслихатының депутаттары, еңбек және шығармашылық ұжымдар, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар, заңды тұлғалар және өзге де бастамашылық топтар бастама жасай алады.

10. Құрмет грамотасымен наградтауға ұсынылған кандидатуралар туралы толық мәлімет (жеке куәлік бойынша тегі, аты, әкесінің аты, білімі, лауазымы) көрсетіледі. Наградтау туралы ұсынымда осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген азаматтардың сіңірген еңбегі (жетістіктері) туралы мәліметтер қамтылуы тиіс. Ұсынымға Құрмет грамотасы мәтінінің жобасы қоса беріледі.

11. Облыс әкімі аппаратының салалық бөлімі Құрмет грамотасымен наградтау туралы мәселені зерделеп, сол салаға жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарымен келісе отырып, белгіленген нысан бойынша мемлекеттік тілде Құрмет грамотасының мәтінін дайындайды.

12. Аталған мәліметтерді уақытында немесе толық ұсынбау ұсынысты қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады.

3. Құрмет грамотасын тапсыру тәртібі

13. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты жағдайда наградталушының жеке өзіне тапсырылады. Құрмет грамотасын облыс әкімі және облыстық мәслихат төрағасы немесе олардың тапсырмасы бойынша өзге тұлғалар тапсырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 07.10.2024 № 21-130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Құрмет грамотасына Жетісу облысының әкімі қол қояды.

15. Құрмет грамотасымен наградтау мәселелері бойынша құжаттарды жүргізу және есепке алуды облыс әкімінің аппараты жүзеге асырады.

16. Тапсырған адамның қолы қойылған, мөрімен бекітілген тапсыру туралы хаттама үш жұмыс күн ішінде облыс әкімінің аппаратына жіберіледі. Облыс әкімінің аппараты тоқсандық және жылдық түгендеу есебін жүргізеді.

17. Құрмет грамотасымен наградтау туралы облыс әкімінің өкімі шығарылады.

4. Құрмет грамотасының сипаттамасы

18. Құрмет грамотасы папкадан және жапсырмадан тұрады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 07.10.2024 № 21-130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. Папка қоңыр қызыл түсті баладектен жасалады. Папканың мұқабасында көлемі 8,5х8,5 сантиметр болатын Жетісу облысының таңбасы бейнеленген және баспаханалық алтын түсті қаріппен «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ» деп жазылған.

20. Грамотаның жапсырмасы ашық-көк түсті, мұқабасында Жетісу облысының таңбасы, таңбаның астында «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ» жазылып, алтын түсті ұлттық өрнек бейнеленген. Жапсырманың сырты, ішкі сол және оң жақ беттері көк түсті ұлттық оюмен көмкерілген. Жапсырманың ішкі сол жақ бетінің ортасында Жетісу облысының таңбасы, таңбаның үстінде және астында алтын түсті ұлттық өрнек бейнеленген, ал оң жақ бетіне «Жетісу облысының

Құрмет грамотасы» деп жазылған, ары қарай марапаттау мәтініне, облыс әкімінің қолы мен мөріне орын қалдырылған.